



GTAMP 06.61.01  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2026-1-119-139>

## АЭА дамуының әлемдік тәжірибесі және оны Қазақстанда пайдалану мүмкіндігі

Ж.Ж. Ермакова<sup>1\*</sup>, Г.Б. Естекова<sup>2</sup>, Ж.Е. Құрманбекова<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Алматы Менеджмент Университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>Zhanna.yermekova@kaznu.edu.kz, <sup>2</sup>g.yestekova@almau.edu.kz,  
<sup>3</sup>zkurmanbecova@gmail.com)

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты – арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) қалыптасуы мен жұмыс істеуінің теориялық және практикалық негіздерін кешенді түрде талдау, сондай-ақ олардың ХХІ ғасырдағы ұлттық экономикалардың тұрақты дамуына ықпалын бағалау.

*Әдістер* – зерттеу барысында диалектикалық, жүйелік талдау, салыстырмалы талдау, дерексіз-логикалық жалпылау, статистикалық деректерді өңдеу және халықаралық тәжірибені зерделеу әдістері қолданылды.

*Нәтижелері* – әлемдік тәжірибеде арнайы экономикалық аймақтардың таралу динамикасы талданып, олардың санының 1980 жылдардың соңынан бастап айтарлықтай өскені анықталды; дамыған және дамушы елдердегі АЭА қызметінің ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жүргізілді; АЭА-ның инвестиция тарту, экспортты ынталандыру және өңірлік дамуды жеделдетудегі рөлі негізделді; сондай-ақ олардың экономикалық саясаттағы басым құралдардың бірі ретінде қалыптасқаны көрсетілді.

*Қорытындылар* – арнайы экономикалық аймақтар қазіргі жаһандық экономикада тиімді институционалдық құрал ретінде танылып, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, инвестициялық белсенділікті арттыруға және елдердің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал ететіні анықталды. Сонымен қатар, АЭА-ны тиімді дамыту үшін ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, институционалдық және басқарушылық тетіктерді жетілдіру қажеттілігі негізделді.

**Түйін сөздер:** арнайы экономикалық аймақтар, экспорттық өңдеу аймақтары, арнайы сауда аймақтары, арнайы аймақтар, жаһандану.

Received 18.02.2026. Revised 23.02.2026. Accepted 25.02.2026. Available online 30.03.2026

## Кіріспе

Арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) жергілікті және шетелдік инвестицияларды тарту, тауарлар мен қызметтердің экспортын кеңейту, жаңа өндірістік және басқарушылық технологияларды енгізу, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті ынталандыру, сондай-ақ валюталық кірістерді ұлғайту мақсатында құрылады. Мұның барлығы экономиканың тұрақты өсуіне және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қажетті негізгі шарттар болып табылады. АЭА-ның басты артықшылығы – салықтық жеңілдіктер, преференциялар және ынталандырулар сияқты преференциялық саясатты қолдану, бұл аймақтарға және басқа мемлекеттерге тауарлар, қызметтер және капиталдың салыстырмалы түрде еркін қозғалуына мүмкіндік береді.

Арнайы экономикалық аймақтар адамзат тарихындағы экономикалық дамудың ең ескі және ең жаңа идеяларының бірі болып табылады. Бұл идеяның дәлелі – АЭА концепциясының ежелгі кезеңде пайда болып, қазіргі уақытта да дамып келе жатқаны. АЭА эволюциялық тұрғыда қарапайым сауда формаларынан бастап күрделі, заманауи нысандарға дейін жетті. Мысалы, алғашқы арнайы сауда аймақтары Грекияның Делос аралындағы порто-франко, Ватикан, Копенгаген және Кенигсберг сияқты арнайы қалаларда қалыптасты. Кейіннен Еуропада сауда аймақтары, Азияда және Солтүстік Америкада өндірістік аймақтар пайда болды, ал соңғы кезеңде АҚШ-та және қайтадан Азия мен Еуропада техникалық-енгізу аймақтары дами бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АЭА-ның қарқынды дамуы байқалды: бұл кезеңде ірі арнайы экономикалық аймақтар пайда болып, олардың дамуы басқа елдерге үлгі болды. Мысалы, Еуропадағы Шенон, Азиядағы Макао, Латын Америкасындағы Манаус сияқты аймақтар ерекше экономикалық өсуге ықпал етті. Жалпы алғанда, АЭА жеңілдетілген арнайы порттар мен арнайы қалалардан бастап, қазіргі заманғы көпфункционалды арнайы аймақтарға дейін ғасырлар бойы эволюциядан өтті және аймақтық, ұлттық даму мақсаттарын іске асыруда маңызды құралға айналды.

Арнайы экономикалық аймақтар қазіргі экономикалық саясатта маңызды рөл атқарады, өйткені олар инвестицияларды тартуға, инфрақұрылымды дамытуға және экономикалық өсуді ынталандыруға ықпал етеді. Жаһандану және инвестициялар үшін елдер арасындағы бәсекелестіктің күшеюі жағдайында АЭА-ны экономикалық теориялар мен тұжырымдамалар тұрғысынан зерттеу олардың экономикалық дамуға әсерін анықтауға және олардың табысты жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

## Әдебиетке шолу

«Арнайы экономикалық аймақ» (АЭА) ұғымының біркелкі анықтамасы отандық және шетелдік әдебиеттерде әлі толық келісілмеген. Дегенмен, АЭА концепциясы өзінің тарихи тамыры 1920 жылы Альфред Маршалл ұсынған агломерация теориясына негізделеді. Маршаллдың пікірінше (World Bank, 2017), компаниялар өндірістерін бір-біріне жақын орналастыруға бейім, себебі экономикалық агломерация тауарлар, адамдар және идеялардың қозғалысына байланысты көлік шығындарын азайтады. Жалпы алғанда, еркін экономикалық аймақ – бұл қолайлы географиялық және экономикалық жағдайға ие, экспорттық-импорттық режимі жеңілдікті немесе бажсыз, және елдің қалған аумағынан кейбір сауда немесе валюталық-қаржылық шектеулер бойынша оқшауланған аймақ болып есептеледі.

2015 жылы Дүниежүзілік еркін аймақтар ұйымы (WFZO) (WFZO, 2015) АЭА-ны былай анықтады: бұл – бір немесе бірнеше үкімет белгілеген, тауарлар мен қызметтердің өндірісі немесе саудасына қатысты физикалық немесе виртуалды экономикалық қызмет көрсетілетін аймақ, онда кедендік баждар, салықтар және басқа нормативтік талаптар толық немесе ішінара жеңілдетілген. Сонымен қатар, Frick пен Rodríguez-Pose (Frick & Rodríguez-Pose, 2019) АЭА-ны кәсіпкерлік пен сауда заңнамасы елдің қалған аумағынан ерекшеленетін, географиялық тұрғыдан бөлінген аймақ деп сипаттайды. Мұндай аймақтар шетелдік инвестицияларды тартуға, экспортты арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, салық жеңілдіктері мен жеңілдетілген реттеу арқылы экономикалық өсімді ынталандыруға бағытталған.

Халықаралық тәжірибе бойынша, 1990 жылы құрылған Арнайы аймақтарды дамыту халықаралық қауымдастығы АЭА-ны елдің қаржылық-шаруашылық қызметіне ашық, экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық және әлеуметтік дамуға ықпал ететін, мемлекеттік және жергілікті бюджет, салық заңнамасы және басқару органдары белгілейтін қосымша құқықтар мен өкілеттіктерге ие ерекше аумақтық-шаруашылық субъект деп анықтайды.

ЮНКТАД-тың 2019 жылғы Дүниежүзілік инвестициялар туралы есебінде (WIR 2019) АЭА мынадай сипатта берілген: үкіметтер салықтық және реттеуші ынталандырулар, сондай-ақ инфрақұрылымдық қолдау арқылы өнеркәсіптік қызметті ынталандыратын географиялық шектеулі аумақтар. Мұндай аймақтар дамушы және кейбір дамыған елдерде кеңінен қолданылады. Алайда, көптеген аймақтар күткен нәтижеге жете алмай, қажетті инвестицияларды тартуда немесе өз шекарасынан тыс экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуде шектеулі болуда, себебі үкіметтер халықаралық мобильді өнеркәсіптік қызмет үшін белсенді бәсекелестікке қатысады, бұл жаңа аймақтардың құрылуына себеп болады (UNCTAD, 2019).

Еуропалық Одақ АЭА терминін толық қолданбаса да, кедендік артықшылықтарға негізделген еркін аймақтарды былайша сипаттайды: олар сауда рәсімдерін жеңілдету үшін кедендік процедуралардың санын азайту арқылы трейдерлерге қызмет көрсететін аймақтар болып табылады (EU, 2025).

Кең мағынада АЭА-ны Мәскеудегі ғалым-экономистер Данько Т.П. және Округ З.М. былай түсіндіреді: АЭА – бұл елдің немесе елдер тобының экономикалық кешенінің құрамдас бөлігі саналатын аумақ, онда өндіріс пен бөлудің әлеуметтік-экономикалық қатынастарын реттеу үшін арнайы механизмдер қолданылады және қоғамдық өнімді өндіру мен бөлудің нақты ұлттық, интеграцияланған мақсаттарына қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

Krugman пікірінше, компаниялардың бір негізгі аймаққа шоғырлануы тауарлар мен өндіріс нарығын құру үшін көлік шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Бұл жұмысшылардың нақты жалақысын арттырып, шеткі аудандардан орталық аудандарға көшуін ынталандырады, нәтижесінде негізгі аудандар нарығы кеңейеді және барлық өндірістік қызметтер бір ауданда бірігеді. Сонымен қатар, мұндай концентрация компаниялардың өсуін қолдайды және қалалар мен аймақтардың дамуына оң әсер етеді.

Hartwell (2018) өз зерттеулерінде екінші кезеңнің экономикалық әсерін ескере отырып, АЭА арқылы аймақтарды дамыту жұмыссыздықты азайту, аймақтық өсімді жеделдету және экспорт көлемін ұлғайту сияқты артықшылықтарға әкелетінін атап өткен.

Ma T., Cao X., және Zhao H. (2023) АЭА-ның инновациялар мен технологиялық жаңғыртуды ынталандырудағы рөлін, әсіресе экономикасы дамып келе жатқан елдер контекстінде қарастыра отырып, осы талқылауға өз үлестерін қосты.

АЭА-ның әртүрлі мүмкіндіктері мен артықшылықтарын оңтайландыру үшін қалай жұмыс істейтінін Chen және т.б. түсіндірді. Арнайы экономикалық аймақтарды құру сонымен қатар жоғары жалақыға тартылатын білікті жұмысшылардың резервін жасайды, бұл компанияларға мамандандырылған салаларды дамытуға мүмкіндік береді және жұмыс күшін жеткізушілер мен компаниялар арасында байланыс пен сәйкестік орнату үшін климатты ынталандырады. Аймақтағы компанияларды біріктіру қосымша технологиялық эффект жасайды (Chen және т.б., 2022).

Қазақстанда АЭА туралы Заңға сәйкес арнайы экономикалық аймақ қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалатын нақты белгіленген шекаралары бар Қазақстан Республикасының шектеулі аумағы ретінде айқындалады (Қазақстан Республикасының Заңы, 2019).

Жоғарыда қарастырылған материалдарға сүйене отырып, АЭА-ның біртұтас анықтамасы әлі қалыптаспағанын байқауға болады. Әр түрлі экономистердің пікірлерін талдай отырып, келесі негізгі қорытындылар жасауға болады: бірінші, АЭА – бұл елдің аумағының ажырамас бөлігі; екінші, аймақта экономикалық ынталандырудың және жеңілдіктердің тұтас жүйесі қолданылады; үшінші, «арнайы» белгілеу аймақты баждардан, салықтардан және кейбір қызмет түрлерін бақылаудың басқа да шараларынан босатумен сипатталады; төртінші, АЭА резиденттер үшін қолданылатын жалпы құқықтық тәртіптен абсолютті тәуелсіздікті білдірмейді; бесінші, АЭА-ны тиімді пайдалану сыртқы сауда, жалпы экономикалық, әлеуметтік және ғылыми-техникалық мақсаттарды іске асыруға ықпал етеді.

Біздің тұжырымымыз бойынша, қазіргі уақытта арнайы экономикалық аймақ деп шетелдік және отандық кәсіпкерлер үшін тартымды болып, мемлекеттік және өңірлік деңгейдегі экономикалық міндеттерді шешуге ықпал ететін, нормативтік-құқықтық реттеу мен басқарудағы ерекше жеңілдікті режим заңнамалық түрде бекітілген ел аумағының бір бөлігін түсіну керек.

### **Зерттеу әдістері**

Бұл мақаланың әдістемесі АЭА дамуының әлемдік тәжірибесін зерттеуге және оны Қазақстанда пайдалану мүмкіндігін болжауға бағытталған.

Бірінші кезеңде «арнайы экономикалық аймақ (АЭА)» ұғымының теориялық негізі қарастырылды. АЭА-тың пайда болуы және даму кезеңдері зерттеліп, оның түрлері мен тәсілдеріне талдау жасалды. Ол үшін арнайы шетелдік әдебиеттер, оқу басылымдары, әртүрлі мерзімді дереккөздердің ғылыми мақалалары, халықаралық ұйымдардың есептері қолданылды.

Екінші кезеңде АЭА-ты құру және дамыту бойынша шетелдік және отандық тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасалды. АЭА-ның сәттілігіне ықпал еткен негізгі факторлар және олардың тәжірибесінен үйренуге болатын әдіс-тәсілге шолу жасалды. Әртүрлі елдердегі АЭА-ның сауда өсімі, тікелей шетелдік инвестициялар тарту деңгейі және жаһандық құн тізбектеріне интеграция көрсеткіштері салыстырылды. Сондай-ақ, статистикалық сипаттамалық талдау арқылы негізгі көрсеткіштердің динамикасы бағаланды.

Зерттеу барысында сапалық және сандық талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Атап айтқанда, арнайы экономикалық аймақтардың дамуы жөніндегі ғылыми еңбектерге, халықаралық ұйымдардың (UNCTAD, World Bank) есептеріне және статистикалық

деректеріне жүйелі шолу жасалды. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайтының материалдары, сондай-ақ тиісті министрліктердің ресми сайттары пайдаланылды.

### Нәтижелер және талқылау

Арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) қалыптасу тарихы бірнеше ғасыр бұрын пайда болған еркін порттар идеясынан бастау алады. Алғашқы кезеңдерде саудагерлер порт аумақтарында жергілікті биліктің тікелей араласуынсыз тауарларды өңдеп, қайта экспорттаумен айналысқан. Қазіргі мағынадағы арнайы аймақтар теңіз порттары, әуежайлар мен шекаралық көлік дәліздеріне жақын орналасқан аумақтар ретінде XX ғасырдың 1960 жылдарынан бастап қалыптаса бастады. 1980 жылдары АЭА санының жедел өсуі экспортқа бағдарланған индустриялық даму стратегияларының кең таралуымен, әсіресе Азия елдерінде, сондай-ақ ірі халықаралық компаниялардың оффшорлық өндірісті белсенді пайдалануымен байланысты болды. Ал 1990-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басында жаһандық өндірістің ұлғаюы және халықаралық өндіру-өткізу тізбектерінің қарқынды дамуы жаңа арнайы аймақтар толқынының пайда болуына ықпал етті. Бұл кезеңде көптеген дамушы мемлекеттер табысты елдердің тәжірибесін қайталауға ұмтылды. Алайда әлемдік қаржы дағдарысы мен халықаралық сауданың баяулауы АЭА құру қарқынын уақытша тежеді. Қазіргі кезеңде жаһандану үдерісінің баяулауы керісінше әсер етіп, үкіметтер өнеркәсіптік капитал үшін бәсекені күшейту мақсатында жаңа форматтағы АЭА құруға бет бұруда. Бүгінгі таңда әлемде шамамен 7000 арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді, олардың елеулі бөлігі соңғы бес жыл ішінде құрылған.




Сурет 1 – АЭА-дағы тарихи тенденция

Ескерту: (UNCTAD, 2019) дереккөзі негізінде құрастырылған.

Халықаралық тәжірибе АЭА қалыптастырудың екі негізгі үлгісін көрсетеді. Біріншісі – орталық мемлекеттік биліктің бастамасымен және ұлттық бағдарламалар аясында жүзеге асырылатын «жоғарыдан төмен» тәсіл. Мұндай модель Оңтүстік Корея мен Қытайда кеңінен қолданылған. Екінші үлгі – нарықтық тетіктер мен жергілікті бастамаларға негізделген «төменнен жоғары» тәсіл, оған Доминикан Республикасы мен Польша мысал

бола алады. Тәжірибе көрсеткендей, жекеменшік пен мемлекеттің аралас қаржыландыруы қолданылатын екінші модель икемділігімен және серпінді дамуымен ерекшеленеді. АЭА құру жөніндегі бастамалар әдетте уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылып, шешім қабылданғаннан кейін аумақты орналастыру, инфрақұрылымды дамыту және салалық мамандану бағыттары айқындалады.

Арнайы экономикалық аймақтарды ұйымдастыруда екі тұжырымдамалық әдіс пайдаланылады: аумақтық және функционалды (Грачев, 2000). Аумақтық тәсілде АЭА шекаралары нақты белгіленген оқшауланған аймақ ретінде қарастырылып, оның барлық резиденттері үшін жеңілдетілген экономикалық режим қолданылады. Бұл модель инфрақұрылымды кешенді дамытуға, әкімшілік рәсімдерді оңтайландыруға және жоғары білікті кадрларды тартуға қолайлы жағдай жасайды. Мұндай аймақтарға Қытайдағы арнайы экономикалық аймақтар, Бразилиядағы «Манаус» аймағы және бірқатар дамушы елдердегі экспорттық-өндірістік аймақтар жатады.



Сурет 2 – Әлемдік АЭА топтары

Ескерту: (Грачев, 2000) дереккөзі негізінде құрастырылған.

Функционалды тәсілде жеңілдіктер белгілі бір аумаққа емес, кәсіпкерлік қызметтің нақты түрлеріне беріледі. Бұл жағдайда фирмалардың орналасқан жеріне тәуелсіз

түрде қолдау көрсету, олардың ұлттық экономикамен тығыз байланысын арттыру және өндірісті ел аумағында тиімді орналастыру мүмкіндігі пайда болады. Аталған тәсілдің нәтижесі ретінде оффшорлық компаниялар мен duty free дүкендері тәрізді «нүктелік» аймақтарды атауға болады.

Тәжірибеде АЭА-ның табысты үлгілерінің бірі 1957 жылы Ирландияда Шеннон әуежайы маңында құрылған аймақ болды. Аумағы шағын болғанына қарамастан, ол бастапқыда жоспарланған нәтижелерден асып түсті. Сондай-ақ 1982 жылы Англияда құрылған «Дог-Айленд» аймағы ірі инвестицияларды тарта отырып, ғылыми-техникалық бағыттағы аймақтардың дамуына серпін берді.

Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде экспорттық-өндірістік аймақтар кең таралған. Олар, әдетте, өндірілген өнімді толықтай сыртқы нарықтарға бағыттайды және кей жағдайда анклавтық сипатқа ие болады. Мұндай аймақтарда ірі трансұлттық корпорациялар қызмет атқарып, дайын өнімді арзан жұмыс күші есебінен жинақтап, кейін экспорттайды. Нәтижесінде электрондық өнеркәсіп жетекші салаға айналып, одан кейін тоқыма және спорттық бұйымдар өндірісі инвестициялар мен жұмыспен қамту көлемі бойынша маңызды орын алады.

Соңғы эмпирикалық зерттеулер Африка елдерінде арнайы экономикалық аймақтарға (АЭА) жақын орналасқан үй шаруашылықтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді. Бұл үрдіс коммуналдық қызметтерге қолжетімділіктің артуы, тұрғын үй сапасының жақсаруы, ұзақ мерзімді тұтыну тауарларын иеленудің өсуі және білім беру көрсеткіштерінің жақсаруымен сипатталады. Аталған нәтижелер АЭА-ның тек өндірістік емес, сонымен қатар кең әлеуметтік әсерге ие екенін дәлелдейді (Abagna және т.б., 2025).

Үндістан бойынша жүргізілген зерттеулер біршама қарама-қайшы қорытындылар ұсынады. Кейбір эмпирикалық жұмыстарда АЭА-ның өнімділік пен жұмыспен қамтуға оң, бірақ шектеулі әсері байқалса (Huyn & Ravi, 2018), басқа зерттеулерде олардың әлеуметтік-экономикалық жанама тиімділігі анықталмаған (Alkon, 2018; Görg & Mulyukova, 2024; Rothenberg және т.б., 2025). Камбоджа деректері де ұқсас жағдайды көрсетеді: АЭА жұмыс орындарының санын арттырғанымен, бұл өсім негізінен бейресми және өндірістік емес секторлар есебінен жүзеге асып, жалақы деңгейінің айтарлықтай өсуіне әкелмеген (Brussevich, 2023).


Сонымен қатар, Қытайдағы арнайы экономикалық аймақтарды дамыту тәжірибесі халықаралық деңгейде экономикалық табыстың негізгі факторларының бірі ретінде мойындалған. АЭА елге елеулі көлемде тікелей шетелдік инвестиция тартуға, әсіресе өңдеуші өнеркәсіп саласында миллиондаған жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берді (Lu және т.б., 2019). Қытай экономикасының серпінді өсуі осы аймақтарды мақсатты түрде енгізумен тығыз байланысты.

Мемлекеттік қолдау шаралары, бірыңғай реттеуші орта және дамыған инфрақұрылыммен ерекшеленетін АЭА жедел индустрияландырудың, экспортқа бағдарланған өсудің және технологиялық жаңарудың катализаторы қызметін атқарды. Бұл табыстың негізгі алғышарттарына ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау, инфрақұрылымға ауқымды инвестициялар, икемді ынталандыру тетіктері, институционалдық тұрақтылық және ұлттық экономикамен тиімді өзара байланыс жатады. Аймақтық теңсіздік пен экологиялық шектеулер сияқты мәселелерге қарамастан, Қытайдың прагматикалық және бейімделгіш тәсілі АЭА-ны экономикалық трансформация құралы ретінде пайдалануды көздейтін елдер үшін құнды тәжірибе болып табылады.

Қытайдағы экономикалық қайта құру үдерісі стратегиялық даму үлгісінің жарқын мысалы саналады. Реформаларға дейін елдің өнеркәсіптік базасы әлсіз болып, өндірістің әртараптандырылуы мен қосылған құнды арттыру мүмкіндіктері шектеулі еді. Осы кедергілерді еңсеру мақсатында «реформалар мен ашықтық» саясаты жүзеге асырылып, онда АЭА шешуші рөл атқарды. Ынталандыру жүйесі мен сапалы инфрақұрылымға негізделген бұл аймақтар экспорттың өсуі мен халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі тетігіне айналды.

1970 жылдардың соңы мен 1980 жылдардың басында Дэн Сяопиннің бастамасымен құрылған алғашқы төрт АЭА – Шэньчжэнь, Чжухай, Шаньютоу және Сямынь-Гонконг, Макао және Тайваньға жақын орналасып, нарықтық реформаларды сынақтан өткізетін алаң қызметін атқарды. Кейін бұл тәжірибе елдің басқа өңірлеріне таралып, жағалау аймақтарынан бастап батыс бағыттағы кеңеюге жол ашты. 1980 жылдардың ортасынан бастап ірі қалалардың әкімшілік аумақтарын қамтитын жаңа форматтағы АЭА қалыптаса бастады.

Қытай экспортының серпінді өсуі АЭА саясатының нәтижелілігін айқын көрсетеді: тауарлар экспорты 1990 жылғы 62,1 млрд АҚШ долларынан 2023 жылы 3,38 трлн АҚШ долларына дейін артты (World Bank, 2023). Бұл өсім тікелей шетелдік инвестицияларды тарту мен экспортқа бағдарланған өндірісті дамытудағы АЭА-ның рөлін дәлелдейді. Алғашқы кезеңдерде бірнеше АЭА ұлттық ТШИ көлемінің елеулі бөлігін шоғырландырды. 2001 жылы Қытайдың Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуынан кейін экспорттық өсім одан әрі жеделдеп, елдің жаһандық саудадағы орнын нығайтты. 2007 жылы АЭА-лар ұлттық ЖІӨ-нің шамамен бестен бір бөлігін, ТШИ-дың жартысына жуығын және экспорттың басым бөлігін қамтамасыз етіп, 30 миллионнан астам жұмыс орнын құруға ықпал етті (CRA Global Development, 2025).



Сурет 3 – Қытай тауарларының экспорты (миллиард АҚШ доллары)

Ескерту: (World Bank, 2023) дереккөзі негізінде құрастырылған.

Жоспарлы экономикадан нарықтық жүйеге кезең-кезеңімен көшкен Қытай жағдайында арнайы экономикалық аймақтар елдің жаһандық құн тізбектеріне неғұрлым терең және тиімді кірігуіне мүмкіндік берген маңызды институционалдық құралға айналды. АЭА шеңберінде қосылған құны жоғары салаларды дамытуға жағдай жасалып, өндірістік құрылымды жаңғырту және экспорттық әлеуетті арттыру үдерістері жеделдеді. Сонымен қатар, бұл аймақтар технологияларды трансферттеу, адами капиталды

мақсатты дамыту және өңірлер арасындағы экономикалық теңгерімді қамтамасыз ету арқылы кең ауқымды әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуге ықпал ететін өсу нүктелері ретінде қалыптасты. АЭА білікті кадрлар үшін жаңа жұмыс орындарын құруда да маңызды рөл атқарды.

Ұсынылған кестеде Қытайдағы арнайы экономикалық аймақтардың табысты дамуына негіз болған басты факторлар жүйеленіп, осы тәжірибеден алынатын негізгі сабақтар көрсетілген. Бұл деректер АЭА тиімділігінің жекелеген бір тетікпен ғана емес, өзара байланысты стратегиялық, институционалдық және экономикалық элементтердің үйлесімді іске асуымен айқындалатынын дәлелдейді.

Кесте 1 – Қытай АЭА құрудағы тәжірибелері және табыстың негізгі факторлары

Фактор	Сипаттама	Негізгі сабақтар
Үкіметтің міндеттемесі мен қолдауы	Нарықтық реформаларды жоғары басшылықтан берік қолдау, билікті жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беру, қолайлы құқықтық және саяси ортаны қалыптастыру. «Бір терезе» қағидаты мен сенімді инфрақұрылым арқылы тиімді бизнес ортасы құрылады.	Тұрақты макроэкономикалық орта мен жергілікті бастамаларды қолдау АЭА табысының негізі болып табылады.
Жер реформалары	Мемлекеттік немесе ұжымдық жерді ұзақ мерзімге жалға беру (20-50 жыл), коммерциялық (2002) және өнеркәсіптік (2007) жерлерге арналған аукциондар жүйесі енгізілді.	Қазіргі заманғы жер нарығы ресурстарды тиімді бөлуге және қалаларды қайта құруға мүмкіндік береді.
Инвестициялық ынталандыру және институционалдық автономия	Фискалдық (салық жеңілдіктері, икемді еңбек тәжірибесі) және фискалдық емес (инфрақұрылым, жылдам кедендік рәсімдер) ынталандырулар. Білікті жұмыс күшін тарту (тұрғын үй, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, білім субсидиялары).	Инновацияларды енгізу үшін тек ынталандыру жеткіліксіз, институционалдық икемділік пен автономия да маңызды.
Тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) және диаспора	Шетелдік капитал, технология және басқару тәжірибесін енгізу. Технологияларды оқытуға және жергілікті өндірісті дамытуға ықпал ету. Гонконг, Макао және Тайвань тәжірибесін пайдалану.	ТШИ мен диаспора желілері экономикалық өсу, технологиялар беру және әлеуетті арттырудың негізгі факторы.
Технологияларды, инновацияларды және ішкі байланыстарды зерттеу	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен айналысатын білікті мамандардың жоғары концентрациясы. Технологияны құру, бейімдеу, тарату және инновацияларды дамыту. Жеткізу тізбегі арқылы отандық кәсіпорындармен байланыс.	АЭА инновациялар мен технологияларды дамыту орталығына айналуы мүмкін, отандық кәсіпорындармен байланыс экономикалық әсерді арттырады.
Инновациялық мәдениеттер	Жаңа аудандар мен қала маңындағы АЭА жаңа мүмкіндіктер іздейтін мигранттарды тартады. Кәсіпкерлік және инновациялық мәдениет қалыптасады.	Мигранттар қауымдастығы динамизм мен инновацияның қайнар көзі болуы мүмкін.

Нақты мақсаттар, бағдарлар және бәсекелестік	АЭА үшін нақты көрсеткіштер (ЖІӨ, экспорт, жұмыспен қамту өсуі) белгіленеді. Аймақтар арасындағы бәсекелестік.	Нақты мақсаттар мен бәсекелестік жұмыстың тиімділігін арттырады.
Орналасқан жердің артықшылықтары	Жағалаудағы немесе инфрақұрылымы дамыған қалаларға жақын орналасу. Порттар, әуежайлар, теміржолдарға қолжетімділік.	Стратегиялық орналасу мен инфрақұрылымға қол жеткізу АЭА-ның сәттілігін қамтамасыз етеді.

Ескерту: (CRA Global Development, 2025) дереккөзі негізінде құрастырылған.

Қытайда арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) дамыту үдерісі елеулі нәтижелермен қатар бірқатар құрылымдық қиындықтармен де қатар жүрді. Солардың бірі – аймақтық теңсіздіктің күшеюі. Жағалау аймақтарында орналасқан АЭА-лардың бастапқы табыстары елдің ішкі өңірлерімен салыстырғанда айқын артықшылық қалыптастырды. Нәтижесінде аумақтар арасындағы даму деңгейіндегі алшақтық пен табыс теңсіздігі тереңдей түсті. Бұл жағдай экономикалық саясатта теңгерімді аумақтық дамуға бағытталған жаңа тәсілдердің қажеттілігін көрсетті. Осы мақсатта Қытай үкіметі «Батысқа қарай жылжу» стратегиясын іске асырып, ішкі өңірлерде АЭА құруды инфрақұрылымдық жобалармен және арнайы ынталандыру шараларымен ұштастырды. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, АЭА моделін механикалық түрде көшіру жеткіліксіз. Аймақтардың табысты дамуы жергілікті ерекшеліктерді ескеретін, өңірдің салыстырмалы артықшылықтарын пайдаланатын және адами капитал мен инфрақұрылымға мақсатты инвестицияларды көздейтін кешенді саясатты талап етеді. Осы тұрғыда аймақаралық теңсіздікті қысқарту және экономикалық өсім нәтижелерін неғұрлым әділ бөлу үшін селективті мемлекеттік саясат шешуші рөл атқарады.

АЭА дамуы барысында туындаған тағы бір маңызды мәселе – экологиялық салдарлар. Өнеркәсіптік белсенділіктің қарқынды өсуі кейбір аймақтарда қоршаған ортаның сапасының төмендеуіне алып келді. Бұған жауап ретінде Қытай экологиялық реттеуді күшейтіп, экологиялық таза технологияларды енгізуге және тұрақты инфрақұрылымға инвестиция салуға басымдық берді. Экономикалық өсім мен экологиялық қауіпсіздік арасындағы тепе-теңдікті сақтау қатаң стандарттарды, тиімді бақылау тетіктерін және инновациялық шешімдерді талап етеді. Осыған байланысты АЭА-ны жоспарлау мен басқару үдерісінде экологиялық факторларды ескеру ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Сонымен қатар, жағалаудағы арнайы экономикалық аймақтарда еңбек шығындарының өсуі еңбекті көп қажет ететін салалардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігіне қысым жасай бастады. Бұл сын-қатерге жауап ретінде Қытай өнеркәсіптік құрылымды жаңғыртуға, автоматтандыруды кеңейтуге және қосылған құны жоғары өндірістерді дамытуға бағытталған саясат жүргізді. «Made in China 2025» бастамасы осы стратегиялық бетбұрыстың көрінісі болып табылады. Аталған трансформацияның табыстылығы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға инвестиция көлеміне, жұмыс күшінің біліктілік деңгейін арттыруға және жаһандық экономикалық өзгерістерге икемді бейімделу қабілетіне тәуелді. Ұзақ мерзімді перспективада елдердің бәсекеге қабілеттілігін сақтау үшін инновацияны үздіксіз қолдау, адами капиталды дамыту және құн тізбегі бойынша жоғары сатыларға көтерілу шешуші маңызға ие.

Халықаралық ынтымақтастық пен сыртқы кеңею тұрғысынан Қытайдың арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) моделін басқа елдерде қолдану үрдісі біртіндеп дамып

келеді. Цзянсу халықаралық ынтымақтастық паркі тәрізді жобалар Қытай тәжірибесінің шетелдік алаңдарда іске асу мүмкіндігін көрсетеді және мемлекетаралық экономикалық әріптестікті нығайтуға жол ашады. Алайда мұндай бастамалардың табысты болуы әртүрлі құқықтық жүйелерді, реттеуші ортаны және мәдени ерекшеліктерді терең ескеруді талап етеді. Халықаралық экспансия тиімді жүзеге асуы үшін алдын ала жан-жақты жоспарлау, құқықтық тәуекелдерді мұқият бағалау, сенімді серіктестермен ұзақ мерзімді байланыстар орнату және жергілікті әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделу шешуші мәнге ие. Осы тұрғыда мәдениетаралық коммуникация мен шетелдік құқықтық нормаларды түсіну шетелде тұрақты бизнес жүргізудің негізгі алғышарттарына жатады.

Қытайдағы АЭА құру тәжірибесі көптеген пайдалы сабақтар ұсынғанымен, оны басқа дамушы елдерге тікелей көшіру бірдей нәтижелер береді деп күту орынсыз. Әрбір мемлекет бұл модельді өзінің институционалдық, экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеуі тиіс. Бейімдеу үдерісінде бірнеше негізгі факторларға назар аудару қажет.

Біріншіден, саяси және институционалдық орта АЭА-ның тиімді қызмет етуінде шешуші рөл атқарады. Саяси тұрақтылық, сапалы мемлекеттік басқару және экономикалық саясаттың сабақтастығы арнайы аймақтардың табысты дамуына негіз болады. Керісінше, институционалдық әлсіздік, сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі немесе саяси тұрақсыздық жағдайында АЭА-ны іске асыру елеулі қиындықтарға ұшырауы мүмкін.

Екіншіден, арнайы экономикалық аймақтар елдің ресурстық әлеуетімен және салыстырмалы артықшылықтарымен үйлесімді болуы қажет. Табиғи ресурстарға, аграрлық әлеуетке немесе белгілі бір өндірістік құзыреттерге ие салаларға бағдарлану инвестициялық тартымдылықты арттырып, халықаралық бәсекеге қабілеттілікті күшейтеді.

Үшіншіден, АЭА-ның типі мен ұсынылатын ынталандырулар елдің экономикалық даму деңгейіне сәйкес келуі тиіс. Экономикалық дамуы төмен елдер үшін бастапқы кезеңде еңбекті көп қажет ететін өңдеу салаларын тарту тиімді болуы мүмкін, ал индустриялық тұрғыдан дамыған елдер үшін жоғары технологиялық өндірістер мен білімге негізделген қызмет салалары басым бағытқа айналады.

Төртіншіден, арнайы экономикалық аймақтар ұлттық даму стратегияларынан оқшау қарастырылмауы тиіс. АЭА-ның жергілікті экономикамен тығыз байланысы, отандық жеткізу тізбектерін дамытуы және технологиялар трансфертіне ықпал етуі жанама тиімділіктерді арттырып, инклюзивті экономикалық өсуді қамтамасыз етеді.

Соңында, аймақтық интеграция мүмкіндіктерін пайдалану АЭА тиімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады. Мәселен, Африка континентальды еркін сауда аймағы (AfCFTA) аясындағы бастамалар африкалық елдердегі АЭА-лар үшін нарықтарға қолжетімділікті кеңейтіп, аймақтық құн тізбектерінің қалыптасуына жағдай жасай алады.

Қытайдың жоспарлы экономикадан нарықтық жүйеге көшуі жағдайында арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) елдің жаһандық құн тізбегіне интеграциялануы мен жоғары қосылған құны бар салалардың дамуын жеделдетудің тиімді құралына айналды. Бұл аймақтар инвестиция тартуымен қатар, технологиялар трансфертіне, кадрларды даярлауға және өңірлік теңгерімді дамуға ықпал ететін маңызды институционалдық алаң ретінде қалыптасты.

Қытайдағы АЭА табысы бір ғана факторға емес, ұзақ мерзімді жоспарлау, сапалы инфрақұрылым, икемді ынталандыру тетіктері және сенімді институционалдық орта сияқты өзара байланысты элементтердің үйлесімді іске асуына негізделді. АЭА ұлттық даму стратегияларымен тығыз байланыста дамып, жергілікті жеткізу тізбектері мен технологияның таралуы арқылы инклюзивті өсуді қамтамасыз етті.

Қытай моделінің халықаралық деңгейде таралуы, соның ішінде шетелдегі ынтымақтастық аймақтары, жаңа мүмкіндіктер ашқанымен, әртүрлі құқықтық және мәдени ортаға бейімделуді талап етеді. Осыған байланысты дамушы елдер АЭА тәжірибесін тікелей көшіруден гөрі, өздерінің саяси, институционалдық және экономикалық ерекшеліктеріне сәйкес икемдеуі қажет.

Вьетнам тәжірибесі АЭА тиімділігінің тағы бір мысалын көрсетеді. Ел соңғы онжылдықтарда жаһандық өндірістік тізбектерге табысты кірігіп, 300-ден астам АЭА құру арқылы жоғары экономикалық өсім мен кедейліктің төмендеуіне қол жеткізді (Vaccini және т.б., 2019; Dercon, 2022; McCaig & Ravcnik, 2018; McCaig және т.б., 2022). АЭА құрылымдық өзгерістерді жеделдетіп, ресми жұмыс орындарын көбейтіп, әсіресе ауылдық аймақтардағы әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтті.

Сонымен бірге АЭА әмбебап шешім емес. Олардың тиімділігі ашық сауда режимі, қолайлы инвестициялық климат, басқарудың орталықсыздандырылуы және еңбек нарығының қажеттіліктеріне бейімделген білім беру жүйесін қамтитын кеңірек даму стратегиясымен тығыз байланысты.

1967 жылы құрылған «Манаус» арнайы экономикалық аймағы Амазонка өңіріндегі ең ірі кешенді аймақтардың бірі болып табылады. Аумағы 3,6 млн шаршы км-ді қамтитын бұл АЭА Бразилия экономикасының қалпына келуіне елеулі үлес қосты. Аймақ негізінен шикізат пен отын-энергетика салаларына сүйеніп дамыды, ал өндірілген өнімнің басым бөлігі ішкі нарықта тұтынылды. Экспорт үлесі небәрі 3–5% болды. Бастапқыда экспорттық бағытта құрылған «еркін айлақ» біртіндеп импортқа бағдарланған аймаққа айналып, Бразилия нарығына жұмыс істейтін өндірістік орталыққа ұласты.

Африка елдерінде еркін экономикалық аймақтар салыстырмалы түрде аз таралған, бұл негізінен қаржылық ресурстардың тапшылығы мен инфрақұрылымның әлсіздігімен байланысты. Дегенмен, Маврикийде, Тунисте және Египетте экспорттық-өндірістік аймақтар табысты жұмыс істеуде.

Дубайдағы «Джебель Али» еркін аймағы (JAFZ) – әлемдегі ең ірі АЭА-лардың бірі. 1985 жылы құрылған бұл аймақ ірі порттың маңында орналасып, халықаралық сауда мен логистика үшін маңызды орталыққа айналды. Мұнда салықтық жеңілдіктер, капитал қозғалысының еркіндігі, дамыған банк жүйесі және шетелдік меншікті қорғау сияқты қолайлы жағдайлар жасалған (Гарафова, 2003).

2000-жылдары Дубай экономикасын әртараптандыру мақсатында жаңа зияткерлік АЭА-лар құрылды. «Dubai Internet City» IT-компанияларды тартуға бағытталып, Microsoft, Oracle, IBM сияқты әлемдік көшбасшыларды біріктірді. Кейінірек құрылған «Dubai Media City» де жоғары табысқа жетіп, 850-ден астам халықаралық және аймақтық медиа-компанияларды өзіне шоғырландырды. Бұл бастамалар Дубайды сауда-өндірістік тәуелділіктен арылтып, білімге негізделген экономикаға көшуіне серпін берді.

2-кестеде сауданың өсу қарқыны, жаһандық өндіріс және сату тізбектерінің интеграциясы және тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жоғарғы және төменгі

позицияларды иеленетін өтпелі экономикасы бар елдер туралы, сондай-ақ оларды қабылдайтын АЭА саны туралы деректер келтірілген.

Кесте 2 – Өтпелі экономикаларға АЭА әсерін талдау, 2024 жыл

Экономика	Сауда өсімі (%)	Шетелдік қосылған құн (FVA) үлесі (%)	ТШИ/ЖІӨ (%)	АЭА саны
Армения	150	20	0.5	4
Солтүстік Македония	136	36	-	15
Беларусь	132	-	2.3	6
Грузия	103	16	4.7	4
Босния және Герцеговина	95	21	-	4
Молдова	89	-	2.5	8
Әзербайжан	83	9	0.3	6
Қазақстан	57	14	0.7	15
Ресей	40	9	-0.4	60
Түрікменстан	29	24	3.2	7
Өзбекстан	-	6	2.5	20

Ескерту: (UNCTAD, 2019) дереккөзі негізінде құрастырылған.

Сауда өсімі бойынша Армения, Солтүстік Македония және Беларусь жоғары нәтижелерге қол жеткізген, бұл АЭА-ның экспортқа бағытталған өндірістерді дамытудағы оң рөлін көрсетеді. Ал Қазақстан мен Ресей Федерациясында АЭА саны салыстырмалы түрде көп болғанымен, сауда өсімі төмен деңгейде қалып отыр, бұл АЭА-лардың тиімділігі институционалдық және құрылымдық факторларға тәуелді екенін білдіреді.

Жалпы алғанда, талдау нәтижелері АЭА-лардың экономикалық әсері олардың санына емес, тиімді басқарылуына, мақсатты мамандануына және ұлттық экономикалық саясатпен үйлесімділігіне байланысты екенін көрсетеді. Қазақстан үшін АЭА-лардың әлеуетін толық іске асыру жаһандық құн тізбектеріне тереңірек интеграциялану және жоғары қосылған құнды өндірістерді дамыту бағытында институционалдық реформаларды талап етеді.

«Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 сәуірдегі №242-VI Заңына сәйкес арнайы экономикалық аймақ (АЭА) – арнайы құқықтық режим қолданылатын, шекарасы нақты белгіленген Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі. АЭА ең көп дегенде 25 жыл мерзімге құрылады, алайда Үкімет шешімімен оның жұмыс істеу мерзімі ұзартылуы мүмкін.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап АЭА-ларда салықтық преференцияларды ұсынуда сараланған тәсіл енгізілді: салықтық жеңілдіктердің көлемі мен қолданылу мерзімі салынған инвестициялар мөлшеріне тікелей байланысты. Сонымен қатар, АЭА аумағында еркін кеден аймағының рәсімі қолданылады, бұл импорттық баждар бойынша 0% мөлшерлемені көздейді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында әртүрлі салалық бағыттағы 15 арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді (KAZAKH INVEST, 2025).

Кесте 3 – Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтар

№	АЭА атауы	Орналасқан өңір	Салалық мамандануы	Аумағы (га)	Ерекшелігі және экономикалық рөлі
1	«Астана – Технополис»	Астана қ.	IT, инновация, жоғары технология	584,4	Ғылыми-зерттеу және жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға бағытталған, стартап экожүйені қолдайды
2	«Астана – Жаңа қала»	Астана қ.	Аралас (құрылыс, өнеркәсіп)	598	Қалалық инфрақұрылымды және құрылыс индустриясын дамытуға ықпал етеді
3	«Ақтөбе»	Ақтөбе обл.	Машина жасау, химия	858	Батыс Қазақстандағы өнеркәсіптік кластердің негізін қалыптастырады
4	«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» (ҰИМТ)	Атырау обл.	Мұнай-химия	3 476	Полимер және мұнай-химия өнімдерін өндіруге бағытталған стратегиялық аймақ
5	«Ақтау теңіз порты»	Маңғыстау обл.	Логистика, мұнай сервисі	2 130	Транскаспий халықаралық көлік бағытының негізгі логистикалық торабы
6	«Павлодар»	Павлодар обл.	Химия, мұнай-химия, металлургия	1 100	Шикізатты терең өңдеуге маманданған индустриялық аймақ
7	«Сарыарқа»	Қарағанды обл.	Металлургия, машина жасау	559	Қара металлургия өнімдерін өңдеу және экспорттық әлеуетті арттыру
8	«Qyzyljar»	Солтүстік Қазақстан обл.	Аралас өндіріс	193	Агроөнеркәсіп және өңдеу секторын дамытуға бағытталған
9	«Оңтүстік»	Шымкент қ.	Тоқыма өнеркәсібі	200	Жеңіл өнеркәсіп пен тоқыма кластерін қалыптастыру
10	«TURAN»	Түркістан обл.	Аралас	1 338	Туризм мен өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған
11	«Jibek Joly»	Жамбыл обл.	Химия	505	Минералды тыңайтқыштар мен химиялық өнімдер өндірісі
12	«Инновациялық технологиялар паркі» (ИТП)	Алматы қ.	IT, цифрлық технология	163	Цифрлық экономика және экспортқа бағытталған IT-компаниялар орталығы

13	«Қорғас – Шығыс қақпасы»	Алматы обл.	Логистика, көлік	4 592	Қытай–Еуропа бағыты бойынша транзиттік хаб
14	«Қорғас ШЫХО»	Алматы обл.	Сауда, логистика	492	Шекара маңы сауда-инвестициялық ынтымақтастық орталығы
15	«Alatau»				
Алматы обл.	IT, цифрлық технологиялар,	98982,98	Стартаптар, IT-компаниялар және инновациялық жобаларды дамыту орталығы		

Ескерту: (KAZAKH INVEST, 2025) дереккөзі негізінде құрастырылған.

Қазақстандағы қазіргі экономикалық жағдай ұлттық экономиканы дамытудың нақты міндеттерін және әлемдік тәжірибені ескере отырып, АЭА құру мен реттеуге мемлекеттің прагматикалық тәсілін қалыптастыруды талап етеді. Бұл ретте АЭА-ны мемлекеттік реттеудің жаңа тұжырымдамасын әзірлеу барысында туындайтын мәселелер мен оларды шешу құралдарын оңтайландыру қағидатын негізге алу маңызды.

Қазақстанда қалыптасқан жағдай экономиканы жандандыру, дамыту және реформалау міндеттерін ескере отырып, жинақталған халықаралық тәжірибені шығармашылықпен пайдалануды, сондай-ақ әрбір отандық АЭА-ның бірегейлігін назарға алатын мемлекеттік реттеудің сараланған тәсілдерін әзірлеуді қажет етеді. Дегенмен, АЭА қызметін құру мен реттеуге арналған тұжырымдаманың болуына қарамастан, оның тиімді дамуына кедергі келтіретін бірқатар мәселелер сақталуда. Бұл мәселелерді терең талдамайынша, АЭА қызметін одан әрі дамыту процесін тиімді жоспарлау мүмкін емес.

### Қорытынды

Дамушы елдер арнайы экономикалық аймақтарды қалыптастыру кезінде өздерінің саяси және институционалдық ерекшеліктерін, ресурстық әлеуетін, даму деңгейін және әлемдік экономикаға интеграция дәрежесін ескеруі тиіс. Шетелдік АЭА модельдерін тиімді енгізу және бейімдеу үшін келесі қағидаларды басшылыққа алу маңызды: ұлттық даму басымдықтарына сәйкестендіру; елдің салыстырмалы артықшылықтары бар негізгі секторларға басымдық беру; институционалдық әлеуетті, ашықтық пен есептілікті күшейту; АЭА мен ұлттық экономика арасындағы ішкі байланыстарды нығайту; экологиялық тұрақтылық пен инклюзивті дамуды қамтамасыз ету.

Осы факторларды кешенді түрде ескере отырып және АЭА моделін ұлттық ерекшеліктерге бейімдеу арқылы дамушы елдер бұл аймақтарды тұрақты әрі инклюзивті экономикалық өсудің, бәсекеге қабілеттілікті арттырудың және сапалы жұмыс орындарын құрудың тиімді құралы ретінде пайдалана алады. Стратегиялық тұрғыдан дұрыс енгізілген және ойластырылған бейімделуге негізделген АЭА моделі экономикалық трансформацияға қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Осылайша, арнайы экономикалық аймақтарды құрудың әлемдік және отандық тәжірибесін талдау келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

1. АЭА – жекелеген аумақтар мен өңірлердің экономикалық дамуын жеделдетудің тиімді құралы болып табылады және нақты стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс.

2. АЭА үшін ең қолайлы аумақтар, әдетте, шекара маңында орналасқан және дамыған көлік, өндірістік әрі әлеуметтік инфрақұрылымға ие өңірлер болып саналады, алайда кей жағдайларда олар маңызды ұлттық міндеттерді шешуге қабілетті жаңа ресурстық аймақтарда да құрылуы мүмкін.

3. Қазақстанда АЭА дамыту үдерісі ұзақ уақыт бойы тұжырымдамалық және құқықтық базаның жеткіліксіздігімен, сондай-ақ ұйымдастырушылық кемшіліктермен сипатталды, бұл олардың экономикалық тиімділігін төмендетті.

4. АЭА-ның түрлері мен олардың аумағында қызмет ететін субъектілердің ерекшеліктерін ескеру мемлекеттік реттеу мен жергілікті басқаруды жетілдіруге мүмкіндік береді, бұл аймақтардың функционалдық сипаты мен жіктелу белгілеріне негізделуі қажет.

АЭА-ның тиімділігі тек олардың құрылуымен ғана шектелмейді, оның жұмысын тұрақты мониторинг жүйесі арқылы бағалау, сыртқы инвестициялар мен инновацияларды тарту және жергілікті кәсіпкерлікті қолдау арқылы арттыруға болады. Бұл шаралар аймаққа жаңа өндірістер мен қызмет түрлерін енгізуге, жұмыс орындарын көбейтуге және экономикалық белсенділікті нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, АЭА стратегиясын ұлттық даму жоспарларымен интеграциялау экономикалық өсімді тұрақты етіп, әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті азайтуға ықпал етеді.

Болашақ зерттеулер мен тәжірибелік іс-шаралар АЭА-ның құрылымы мен басқару механизмдерін жетілдіру арқылы олардың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерін оңтайландыруға бағытталуы тиіс. Осылайша, стратегиялық тұрғыдан дұрыс енгізілген және ұлттық ерекшеліктерге бейімделген АЭА моделі дамушы елдер үшін экономикалық трансформацияға қол жеткізудің маңызды құралы болып табылады.

**Алғыс айту, мүдделер қақтығысы.** Мақала жеке қаражат есебінен жазылды, авторларда мүдделер қайшылығы жоқ.

#### **Авторлардың қосқан үлесі:**

Ж.Ж. Ермекова – әдебиеттерге және сала ауқымындағы деректерді қамтитын есептерге шолу жасау, саланың даму тенденциясын сипаттайтын сандық ақпараттарды талдау, мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

Г.Б. Естекова – әдебиеттер тізімінің қорытынды нұсқасын бекіту, мақаланың құрылымын сыни тұрғыда қарау, мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бекіту.

Ж.Е. Құрманбекова – жиналған мәліметтерді өңдеуде эконометрикалық әдістердің қолданылуы бойынша кеңес беру, сандық деректерді бағдарламалық өңделуін тексеру.

#### **Әдебиеттер**

1. Abagna, M. A., Hornok, C., & Mulyukova, A. (2025). Place-based policies and household wealth in Africa. *Journal of Development Economics*, 176, 103482. <https://doi.org/10.1016/j.jdeveco.2025.103482>

2. Alkon, M. (2018). Do special economic zones induce developmental spillovers? Evidence from India's states. *World Development*, 107, 396–409. <https://doi.org/10.1016/j.worlddev.2018.02.028>

3. Baccini, L., Impullitti, G., & Malesky, E. J. (2019). Globalization and state capitalism: Assessing Vietnam's accession to the WTO. *Journal of International Economics*, 119, 75–92. <https://doi.org/10.1016/j.jinteco.2019.02.004>
4. Brussevich, M. (2023). The socioeconomic impact of special economic zones: Evidence from Cambodia. *The World Economy*, 47(1), 362–387. <https://doi.org/10.1111/twec.13526>
5. Chen, J., Long, X., & Lin, S. (2022). Special economic zone, carbon emissions and the mechanism role of green technology vertical spillover: evidence from Chinese cities. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 19(18). <https://doi.org/10.3390/ijerph191811535>
6. CRA Global Development. (2025). Special Economic Zones (SEZs): Lessons from China's transformative experience. Retrieved September 17, 2025, from <https://craglobaldevelopment.com/the-ingredients-for-successful-special-economic-zones-lessons-from-china/>
7. Dercon, S. (2022). *Gambling on development: Why some countries win and others lose*. London: Hurst. 398 p. <https://doi.org/10.1007/s11127-023-01058-9>
8. European Union. (2025). Taxation and Customs Union. [Electronic resource]. Retrieved February 23, 2026, from [https://taxation-customs.ec.europa.eu/customs/free-zones\\_en](https://taxation-customs.ec.europa.eu/customs/free-zones_en)
9. Frick, S. A., & Rodríguez-Pose, A. (2019). Are special economic zones in emerging countries a catalyst for the growth of surrounding areas? *Transnational Corporations*, 26(2), 75–94. <https://go.gale.com/ps/i.do?p=AONE&u=adelaide&id=GALE%7CA601763929&v=2.1&it=r&sid=bookmark-AONE&asid=ea76443d>
10. Görg, H., & Mulyukova, A. (2024). Place-based policies and firm performance: Evidence from special economic zones in India. *European Economic Review*, 165, 104752. <https://doi.org/10.1016/j.euroecorev.2024.104752>
11. Hartwell, C. A. (2018). Bringing the benefits of David to Goliath: special economic zones and institutional improvement. *Regional Studies*, 52(10), 1309–1321. <https://doi.org/10.1080/00343404.2017.1346371>
12. Hyun, Y., & Ravi, S. (2018). Place-based development: Evidence from special economic zones in India. Unpublished manuscript.
13. KAZAKH INVEST. (2025). Специальные экономические зоны. 2025 жылғы 17 қыркүйекте алынды: <https://invest.gov.kz/ru/doing-business-here/fez-and/the-list-of-sez-and/>
14. Lu, Y., Wang, J., & Zhu, L. (2019). Place-based policies, creation, and agglomeration economies: Evidence from China's economic zone program. *American Economic Journal: Economic Policy*, 11(3), 325–360. <https://doi.org/10.1257/pol.20160272>
15. Ma, T., Cao, X., & Zhao, H. (2023). Development zone policy and high-quality economic growth: quasi-natural experimental evidence from China. *Regional Studies*, 57(3), 590–605. <https://doi.org/10.1080/00343404.2022.2093342>
16. McCaig, B., & Pavcnik, N. (2018). Export markets and labor allocation in a low-income country. *American Economic Review*, 108(7), 1899–1941. <https://doi.org/10.1257/aer.20141096>
17. McCaig, B., Pavcnik, N., & Wong, W. F. (2022). FDI inflows and domestic firms: Adjustments to new export opportunities. *SSRN Electronic Journal*. <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.4299615>
18. Rothenberg, A. D., Wang, Y., & Chari, A. (2025). When regional policies fail: An evaluation of Indonesia's integrated economic development zones. *Journal of Development Economics*, 176, 103503. <https://doi.org/10.1016/j.jdeveco.2025.103503>
19. World Bank. (2017). Special economic zones: An operational review of their impacts. <https://openknowledge.worldbank.org/server/api/core/bitstreams/0a495968-83b8-5ec3-b03e-3f1463a664f4/content>
20. World Bank. (2023). Merchandise exports (current US\$) – China. Retrieved September 18, 2025, from <https://data.worldbank.org/indicator/TX.VAL.MRCH.CD.WT?view=chart&locations=CN>
21. World Free Zones Organization (WFZO). (2015). *The world of free zones*. Dubai. 194 p.

22. UNCTAD. (2019). World investment report 2019: Special economic zones. United Nations Conference on Trade and Development. Retrieved February 23, 2026, from <https://unctad.org/publication/world-investment-report-2019>

23. Гарафова, А. П. (2003). Экономический потенциал ОАЭ. ЭКО, (3), 21–31.

24. Грачев, Ю. Н. (2000). Внешнеэкономическая деятельность. Организация и техника внешне-торговых операций: Учебно-практическое пособие. М.: ЗАО Бизнес-школа Интел-Синтез. 169 с.

25. Қазақстан Республикасының Заңы. (2019, 3 сәуір). Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы (№ 242-VI ҚРЗ). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242>

**Zh.Zh. Yermekova<sup>1\*</sup>, G.B.Yestekova<sup>2</sup>, Zh.E. Kurmanbekova<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan*

### **World experience in the development of FEZ and the possibility of its use in Kazakhstan**

**Abstract.** Purpose – to provide a comprehensive analysis of the theoretical and practical foundations of the formation and functioning of special economic zones (SEZs), as well as to assess their impact on the sustainable development of national economies in the 21st century.

Methods – the study employs dialectical and systems approaches, comparative analysis, abstract-logical generalization, statistical data processing methods, and the examination of international experience.

Results – the dynamics of the global proliferation of special economic zones are analyzed, revealing a significant increase in their number since the late 1980s; a comparative analysis of SEZ functioning in developed and developing countries is conducted; the role of SEZs in attracting investment, promoting exports, and accelerating regional development is substantiated; their establishment as one of the key instruments of economic policy is demonstrated.

Conclusions – it is determined that special economic zones serve as an effective institutional tool in the modern global economy, contributing to macroeconomic stability, increased investment activity, and enhanced national competitiveness. Furthermore, the need to improve institutional and governance mechanisms for the effective development of SEZs, taking into account national specificities, is substantiated.

**Keywords:** special economic zones, export processing zones, free trade zones, free zones, globalization.

**Ж.Ж. Ермакова<sup>1\*</sup>, Г.Б.Естекова<sup>2</sup>, Ж.Е. Құрманбекова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup>*Алматы Менеджмент Университет, Алматы, Казахстан*

### **Мировой опыт развития СЭЗ и возможность его использования в Казахстане**

**Аннотация.** Цель статьи – комплексный анализ теоретических и практических основ формирования и функционирования специальных экономических зон (СЭЗ), а также оценка их влияния на устойчивое развитие национальных экономик в XXI веке.

Методы – в ходе исследования использованы диалектический и системный подходы, сравнительный анализ, абстрактно-логическое обобщение, методы обработки статистических данных и изучения международного опыта.

Результаты – проведен анализ динамики распространения специальных экономических зон в мировой практике, в результате чего установлено значительное увеличение их числа с конца 1980-х годов; осуществлен сравнительный анализ особенностей функционирования СЭЗ в

развитых и развивающихся странах; обоснована роль СЭЗ в привлечении инвестиций, стимулировании экспорта и ускорении регионального развития; показано их становление в качестве одного из приоритетных инструментов экономической политики.

Выводы – установлено, что специальные экономические зоны в современной глобальной экономике выступают эффективным институциональным инструментом, способствующим обеспечению макроэкономической стабильности, повышению инвестиционной активности и усилению конкурентоспособности стран. Кроме того, обоснована необходимость совершенствования институциональных и управленческих механизмов развития СЭЗ с учетом национальных особенностей.

**Ключевые слова:** особые экономические зоны, зоны экспортной переработки, зоны свободной торговли, свободные зоны, глобализация.

## References

1. Abagna, M. A., Hornok, C., & Mulyukova, A. (2025). Place-based policies and household wealth in Africa. *Journal of Development Economics*, 176, 103482. <https://doi.org/10.1016/j.jdeveco.2025.103482> [in English].
2. Alkon, M. (2018). Do special economic zones induce developmental spillovers? Evidence from India's states. *World Development*, 107, 396–409. <https://doi.org/10.1016/j.worlddev.2018.02.028> [in English].
3. Baccini, L., Impullitti, G., & Malesky, E. J. (2019). Globalization and state capitalism: Assessing Vietnam's accession to the WTO. *Journal of International Economics*, 119, 75–92. <https://doi.org/10.1016/j.jinteco.2019.02.004> [in English].
4. Brussevich, M. (2023). The socioeconomic impact of special economic zones: Evidence from Cambodia. *The World Economy*, 47(1), 362–387. <https://doi.org/10.1111/twec.13526> [in English].
5. Chen, J., Long, X., & Lin, S. (2022). Special economic zone, carbon emissions and the mechanism role of green technology vertical spillover: evidence from Chinese cities. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 19(18). <https://doi.org/10.3390/ijerph191811535> [in English].
6. CRA Global Development. (2025). Special Economic Zones (SEZs): Lessons from China's transformative experience. Retrieved September 17, 2025, from <https://craglobaldevelopment.com/the-ingredients-for-successful-special-economic-zones-lessons-from-china/> [in English].
7. Dercon, S. (2022). *Gambling on development: Why some countries win and others lose*. London: Hurst. 398 p. <https://doi.org/10.1007/s11127-023-01058-9> [in English].
8. European Union. (2025). Taxation and Customs Union. [Electronic resource]. Retrieved February 23, 2026, from [https://taxation-customs.ec.europa.eu/customs/free-zones\\_en](https://taxation-customs.ec.europa.eu/customs/free-zones_en) [in English].
9. Frick, S. A., & Rodríguez-Pose, A. (2019). Are special economic zones in emerging countries a catalyst for the growth of surrounding areas? *Transnational Corporations*, 26(2), 75–94. <https://go.gale.com/ps/i.do?p=AONE&u=adelaide&id=GALE%7CA601763929&v=2.1&it=r&sid=bookmark-AONE&asid=ea76443d> [in English].
10. Görg, H., & Mulyukova, A. (2024). Place-based policies and firm performance: Evidence from special economic zones in India. *European Economic Review*, 165, 104752. <https://doi.org/10.1016/j.eurocorev.2024.104752> [in English].
11. Hartwell, C. A. (2018). Bringing the benefits of David to Goliath: special economic zones and institutional improvement. *Regional Studies*, 52(10), 1309–1321. <https://doi.org/10.1080/00343404.2017.1346371> [in English].
12. Hyun, Y., & Ravi, S. (2018). Place-based development: Evidence from special economic zones in India. Unpublished manuscript. [in English].
13. KAZAKH INVEST. (2025). Spetsialnye ekonomicheskie zony [Special economic zones]. Retrieved September 17, 2025, from <https://invest.gov.kz/ru/doing-business-here/fez-and/the-list-of-sez-and/> [in Kazakh].
14. Lu, Y., Wang, J., & Zhu, L. (2019). Place-based policies, creation, and agglomeration economies: Evidence from China's economic zone program. *American Economic Journal: Economic Policy*, 11(3), 325–360. <https://doi.org/10.1257/pol.20160272> [in English].

15. Ma, T., Cao, X., & Zhao, H. (2023). Development zone policy and high-quality economic growth: quasi-natural experimental evidence from China. *Regional Studies*, 57(3), 590–605. <https://doi.org/10.1080/00343404.2022.2093342> [in English].
16. McCaig, B., & Pavcnik, N. (2018). Export markets and labor allocation in a low-income country. *American Economic Review*, 108(7), 1899–1941. <https://doi.org/10.1257/aer.20141096> [in English].
17. McCaig, B., Pavcnik, N., & Wong, W. F. (2022). FDI inflows and domestic firms: Adjustments to new export opportunities. *SSRN Electronic Journal*. <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.4299615> [in English].
18. Rothenberg, A. D., Wang, Y., & Chari, A. (2025). When regional policies fail: An evaluation of Indonesia's integrated economic development zones. *Journal of Development Economics*, 176, 103503. <https://doi.org/10.1016/j.jdeveco.2025.103503> [in English].
19. World Bank. (2017). Special economic zones: An operational review of their impacts. <https://openknowledge.worldbank.org/server/api/core/bitstreams/0a495968-83b8-5ec3-b03e-3f1463a664f4/content> [in English].
20. World Bank. (2023). Merchandise exports (current US\$) – China. Retrieved September 18, 2025, from <https://data.worldbank.org/indicator/TX.VAL.MRCH.CD.WT?view=chart&locations=CN> [in English].
21. World Free Zones Organization (WFZO). (2015). *The world of free zones*. Dubai. 194 p. [in English].
22. UNCTAD. (2019). *World investment report 2019: Special economic zones*. United Nations Conference on Trade and Development. Retrieved February 23, 2026, from <https://unctad.org/publication/world-investment-report-2019> [in English].
23. Garafova, A. P. (2003). Ekonomicheskii potentsial OAE [Economic Potential of the UAE]. *EKO [ECO]*, (3), 21–31. [in Russian].
24. Grachev, Yu. N. (2000). *Vneshneekonomicheskaya deiatelnost. Organizatsiia i tekhnika vneshnetorgovykh operatsii: Uchebno-prakticheskoe posobie* [Foreign Economic Activity. Organization and Techniques of Foreign Trade Operations: Educational and Practical Guide]. Moscow: ZAO Biznes-shkola Intel-Sintez, 169 p. [in Russian].
25. Republic of Kazakhstan. (2019, April 3). *Arнай ekonomikalıq zhane industrialıq aimaktar turaly* [On special economic and industrial zones] (Law No. 242-VI QRZ). Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242> [in Kazakh].

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Ермекова Ж.Ж.** – хат-хабар авторы, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессор м.а., Әл-Фараби даңғылы, 71, 050038, Алматы, Қазақстан

**Естекова Г.Б.** – экономика ғылымдарының кандидаты, Жоғары бизнес мектебінің қауымдастырылған профессоры, Алматы Менеджмент Университеті, Розыбакиев көшесі, 227, 050060, Алматы, Қазақстан

**Құрманбекова Ж.Е.** – магистр, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканат маманы, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050038, Алматы, Қазақстан

**Ермекова Ж.Ж.** – автор-корреспондент, кандидат экономических наук, и.о. доцента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект Аль-Фараби, 71, 050038, Алматы, Казахстан

**Естекова Г.Б.** – кандидат экономических наук, PhD, ассоциированный профессор Высшей школы бизнеса, Алматы Менеджмент Университет, ул. Розыбакиева, 227, 050060, Алматы, Казахстан

**Құрманбекова Ж.Е.** – магистр, специалист деканата Высшей школы экономики и бизнеса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект Аль-Фараби, 71, 050038, Алматы, Казахстан

**Yermekova Zh. Zh.** – corresponding author, Candidate of economic sciences, Acting Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Avenue, 71, 050038, Almaty, Kazakhstan

**Yestekova G.B.** – Candidate of economic sciences, PhD, Associate Professor of Graduate School of Business, Almaty Management University, Rozybakiyev street, 227, 050060, Almaty, Kazakhstan

**Kurmanbekova Z.E.** – Master of Economic Sciences, Specialist of the Dean's Office of the Higher School of Economics and Business, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Avenue, 71, 050038, Almaty, Kazakhstan



**Copyright:** © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4>).